

Тақырыбы: Мен білетін бес өлең

Мақсаты: Балаларға өлеңдерді мәнерлеп айтуға үйрету. Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Балалардың есте сақтау қабілетін, сөйлеу мәдениетін дамыту.

Күні, айы, жылы: 12.05.2025ж

Білім беру дағдылары: Коммуникация, Шығармашылық

Бөлімдері: Көркем әдебиет, Сурет салу

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Сұрақ-жауап, әңгімелесу, көрнекіліктер дайындау

Әдіс-тәсілдер: Ойын.

Қажетті көрнекі құралдар: Көктем мезгілі туралы суреттер, өлеңдер, ертегілер т.б. гуашь, қылқалам, сүлгі.

Тәрбиешілер: А.Адушева, С.Урынгалиева

Барысы:

Жылулық шеңбері:

Қайырлы таң көк аспан
Қайырлы таң жер ана
Қайырлы таң достарым
Біз ерекше баламыз
Айтқан тілді аламыз
Достарым келгенде
Қуана қарсы аламыз
Сәлем , сәлем, сәлем.

Жұмбақ жасыру:

Қабат-қабат қаптама
Ақылын болса, аттама. **(Кітап)**
Балалар біздер білімнің барлығын қайдан аламыз?

Балалар: Кітаптан

Тәрбиеші: Жарайсыздар ! балалар дұрыс айтасыздар. /**Ахмад** кітап туралы өлең айтып берші? тұрып кітап туралы өлең жолдарын айтып береді.

Кітап

Кітап деген басындағы білімің,
Кітап деген ақыл, ойың, ілімің.
Кітаппенен дос болыңдар, жыртпаңдар,
Жерде жатса көтеріп қой, баспаңдар.

Тәрбиеші: балалар бізде қазір қай жыл мезгілі? /Көктем мезілі/

Көктем мезгілінің неше айы бар? Табиғатта қандай өзгерістер? Құбылыстар болады? / 3 айы бар наурыз, сәуір, мамыр. Күн жылынып, құстар жылы жаққа ұшып келіп, ағаштар бүр жарады, күннің көзі жарқырап шығады т.б. /

Тәрбиеші: Жарайсыздар! **Ғазиз** көктем туралы өлең жолын айтып бере қойшы ? Ғазиз өлең жолдарын айтып береді.

Көктем

Көктем болды алақай,
Қуанар барлық балақай.
Көктемде жаңбыр болады,
Бақшаға гүлдер толады.

Тәрбиеші: Жарайсың Ғазиз!

Тәрбиеші: Балалар біз қай елде тұрып жатырмыз? / Қазақстанда/
Балалар Қазақстн Ресбуликаының рәміздерін білесіздер ма? /Ту, Елтаңба, Гимн/
Жарайсыздар! Ақбота туымыз туралы өлең жолдарын айтып бере қойшы ?

Қазақстан жалауы

Көк аспандай көкпенбек
Қазақстан жалауы
Көк емес ол тектен-тек-
Елдің ашық қабағы
Ақ ниетті –алтын күн,
Асқақ арман құраны
Жалауы бұл- Халқымның мәртебесі, туы, ары.

Тәрбиеші:Жарайсың!

Қазақстанның қай қаласында тұрамыз? /Орал қаласында /

Балалар дұрыс, біздің қаланы Таза Жасыл қала деп атайды себебі біздің қалада
ағаштар өте көп , таза, әдемі қала. **Елнұр** табиғат туралы өлеңінді айта қойшы?

Табиғат

Бұтақтарды сыңдырмай,
Тазалықты сақтайық.
Гүл өсіріп, су құйып,
Табиғатты қорғайық.

Тәрбиеші: Жарайсыздар балалар! Біздің балабақша қалай аталады? /Айяна/
Сіздерге балабақшаларыңыз ұнай ма? Қалай? Не істеген ұнайды? /иә/ қане балабақша
туралы өлеңің Нұрай айта қой

Балабақшада

Күлімдейді күніміз,
Көңілді ән-күйіміз.
Асыр салып жүреміз,
Тәртіп бұзбай жиі біз.
Білеміз біз сұраңыз.
Жаттап алдық жыр-аңыз,
Тәрбиеші апайдың
Айтқанын тез ұғамыз
Дайын тақпақ, әніміз
Би билейміз бәріміз.
Өнерліміз кішкентай
Болсақ дағы әлі біз.

Тәрбиеші: -Балалар сіздер шаршаған шығарсындар, ендеше бойымызды сергітіп алайық
Сергіту сәті:

Біздің топ әдепті, бәріне көмек береді.
Біздің әрқашан, жетістікке жетеді.
Біздің топ қашанда, алғашқы боп жүреді.
Мұғалімдер барлығы , бізді мақтан етеді.

Тәрбиеші: -Балалар шығармашылық орталыққа барып дәстүрден тыс әдіс –тәсілмен
сурет салайық. Ол үшін бірі-бірімізге қарама-қарсы отырайық.

Балаларға жасалу жолдарын түсіндіріп көрсету

Жұмыстарымызды жасамас бұрын саусақ жаттығуын орындап жіберейік

Саусақ жаттығуы:

Бір саусағым тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.
Екі саусағым бірікті,
Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орайды,
Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен оң саусақ,
Қала салсақ , жол салсақ.

Балалар: Саусақ жаттығуын жасайды

Өз беттерінше жұмыстанады, көмек керек болатын балдарға көмектесу, бағалап мадақтау.

Балалар: Балалар жұмыстанып өз жұмыстарын көрсетеді

Тәрбиеші: - Керемет, жарайсыздар! Енді кішкене ойын ойнап алсақ қалай болады?

Ойын: «Сиқырлы барабан» / сурет арқылы тап

Балалар: Ойынға қызығушылықпен қатысады

Мнемокесте арқылы өлең жолдарын тауып көрейік

Тәрбиеші: -Балалар сіздерге бүгінгі іс әрекетіміз ұнадыма?

Балалар: -иә, ұнады өздерінің ойларын айтады

Балалар: -Өлең жоларын айттық

- Ойын ойнадық

- өздерінің жасаған жұмыстарын айтады

Тәрбиеші: Біздің топтың дарынды, білімге өте құштар балаларымыз ұлы ақын жазушыларымыздың керемет өлең жолдарын оқып береді болашақта мектепке барғанда өз қоржындарына керек болады деген ойдамын.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Өлеңді, мақал-мәтелдерді мазмұның толық жеткізе біледі

Қандай түсініктерді игерді: Өлеңді мәнерлеп айтады

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Дәстүрден тыс әдіс-тәсілмен сурет салуды меңгерді